

## БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖҮЙЕЛІ ЖӘНЕ ҮДЕРІСТІК ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ

**Мукашева Лаззат**

«Білім берудегі менеджмент» ББ II курс магистранты,  
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан  
Ғылым жетекшісі, п.ғ.д., профессор - Мұханбетжанова А.У.

Бастауыш мектепте құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі және үдерістік тәсілдері немесе ұстанымы кеңінен қолданылады. Осы екі басқару тәсілдерін тиімді, әрі өз кезегінде қолдана алу арқылы оқушылардың құндылығын қалыптастыру процесін белгілі бір ұйымдастырушы технологиялық жүйеге айналдырады және тәсілдерге жеке-жеке тоқталсақ.

1. Бастауыш мектепте құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілі. Аталмыш ұйымдастыру тәсілі бойынша оқушылардың құндылық қасиеттері белгілі бір өзара байланысқан элементтер тізбегі ретінде жүзеге асыруды білдіреді. Бұл тәсілдің немесе ұстанымның негіздеушілері Т. Шамова мен Н. Хмель болып саналады.

Бастауыш мектепте құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілі мынадай ерекшеліктерімен көзге түседі:

1. Тәсілдің біртұтастығы. Құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілі оқушылардың құндылық элементтерін (түрлерін) біртұтас жүйе ретінде қарастырып, барлық элементтер жүйе болғандықтан бір сәтте біртұтастықпен дамиды деген пайымдауды алға тартады. Мәселен баланың бойында шыншылдық, адалдық, кеңпейілдік, жомарттық, еңбексүйгіштік, білімге құмарлық іспеттес құндылық элементтерінің біреуі қалыптасып бастаса, бұл элементтер жүйелі болғандықтан екіншісінің, кейіннен үшінші құндылықтың қалыптасып, нығаюына алып келеді деп түсіндіріледі. Сол үшін мектеп әкімшілігі мен педагогтар оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру үдерісінде жүйелі тәсілді қолданып, жүйені біртұтас элемент ретінде, ортақ мақсат қоя отырып ұйымдастыруы және басқаруы қажет етіледі.

2. Тәсілдің өзара тәуелділігі. Құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілі оқушылардың құндылық элементтерінің өзара тәуелділігін аңғартады. Мәселен, бастауыш білім беру кеңістігінде оқушыларға «адалдық» пен «шыншылдық» туралы құндылықтар қалыптастыру шаралары етене жүргізілсе, ал ол бала өз отбасында әкешесінің бойында мұндай құндылық элементтерінің керісінше көріністерін байқаса баланың бойында құндылық бағдарын дамыту үдерісі өзінің оң нәтижесін бермейді. Сондықтан мектеп әкімшілігі мен педагогтар оқушының бойында құндылық бағдарын қалыптастыруда отбасымен бірлесе отырып ұйымдастыру шараларын жүргізгендігі мақұл (сурет-1).

Бастауыш мектепте  
құндылық бағдарын  
қалыптастыруда  
ұйымдастырудың жүйелі  
тәсілдің біртұтастығы

Бастауыш мектепте  
құндылық бағдарын  
қалыптастыруда  
ұйымдастырудың жүйелі  
тәсілдің өзара тәуелділігі

Бастауыш мектепте  
құндылық бағдарын  
қалыптастыруда  
ұйымдастырудың жүйелі  
тәсілдің құрылымдылығы

Сурет-1. Бастауыш мектепте құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілінің басты сипаттық ерекшеліктері

3. Тәсілдің құрылымдылығы. Құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілінің қолдануда келесідей құрылымдық деңгейде шеңберінде ұйымдастыру шараларын жүргізген абзал.

-микро деңгей. Бұл деңгейде мұғалім(немесе педагог)-оқушы-оқушының ата-аналары арасында ұйымдастыру шаралары жүргізіледі. Бұл шаралардың мақсаты бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарын дамыту. бұл деңгейді басқарушы-мектеп әкімшілігі, ұйымдастырушы-мұғалім мен педагогтар.

-мезо деңгей. Аталмыш деңгейде бастауыш сынып мұғалімдеріне бірлестік атынан немесе түрлі біліктілікті көтеру институттары аясында оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру ортасын құрудың әдістемелік және педагогикалық білімі мен тәжірибесін арттыру шаралары мен арнайы курстары ұйымдастырылады.

-макро деңгей. Бұл деңгей бойынша мектептің шеңберінде бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарын дамытуға қатысты ұйымдастыру шаралары мен іс-әрекеттері мектептің жоспарлары (тәрбие, оқу жылдық жоспарлары), стратегиялық көп жылдық даму жоспарларына, мектептің жарлықтары мен бұйрықтарына (бір сөзбен айтқанда құжатнамалық негіздеріне) енгізіледі.

Құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілінің қолдануда басқару шаралары бүкіл мектепті бір алаң ретінде түрлі деңгейді өзара байланыстыра отырып, біртұтастықпен жүзеге асыруды қажет етеді (кесте-1).

Кесте-1. Бастауыш мектепте құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілінің басқару тетіктері

р/н	Құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілінің басты ерекшелігі	Анықтама мен сипаттамасы	Жүйелі тәсілдің білім беру басқару тетіктері
1	Тәсілдің біртұтастығы	Оқушылардың құндылық элементтерін (түрлерін)	Мектеп әкімшілігі мен педагогтар оқушылардың

		біртұтас жүйе ретінде қарастырып, барлық элементтер жүйе болғандықтан бір сәтте біртұтастықпен дамиды.	құндылық бағдарын қалыптастыру үдерісінде жүйелілі тәсілді қолданып, жүйені біртұтас элемент ретінде, ортақ мақсат қоя отырып ұйымдастыруы және басқаруы қажет
2	Тәсілдің өзара тәуелділігі	Оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілі оқушылардың құндылық элементтерінің өзара тәуелділігін аңғартады.	Мектеп әкімшілігі мен педагогтар оқушының бойында құндылық бағдарын қалыптастыруда отбасымен бірлесе отырып ұйымдастыру шараларын жүргізуі ұсынылады.
3	Тәсілдің құрылымдығы	Құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілінің қолдануда келесідей құрылымдық деңгейде шеңберінде ұйымдастыру шараларын жүргізген абзал. - микро деңгей. - мезо деңгей. - макро деңгей.	Бүкіл мектепті бір алаң ретінде түрлі деңгейді өзара байланыстыра отырып, біртұтастықпен жүзеге асырылу керек.

Бастауыш мектепте құндылық бағдарын қалыптастыруда ұйымдастырудың жүйелі тәсілінің мынадай басты компоненттерін ажыратып қарастыруға болады:

1. Кеңістіктік компонент. Бастауыш мектепте оқушылардың құндылық бағдары қалыптастыратындай орта ұйымдастыра білу керек. Мәселен, кабинет қабырғаларындағы стендтер, жиһаздар және көрнекілер арқылы балаға отансүйгіштік, еңбекқорлық, адалдық пен қоршаған ортаны аялай білу құндылығын қалыптастыруға болады.

2. Мазмұндық компонент. Бастауыш мектепте өтілетін әрбір сабақта оқушылардың құндылық дүниесі қалыптасатындай материалдардың болуын қамтамасыз ету. мәселен, математика сабағында баланың үнемді болу құндылығы, ана тілі сабағында баланың өз тілі мен мәдениетін құрметтей алу құндылығы, еңбек сабағында баланың еңбекқорлыққа қатысты құндылығы, жаратылыстану сабағында баланың қоршаған ортаны қорғау құндылықтарының қалыптасып, нығаюына мүмкіндік туады.

3. Коммуникативті компонент. Бастауыш мектепте мұғалім-педагог-оқушылар-ата-аналар арасындағы сыйластыққа негізделген қарым-қатынас құру арқылы балаға үлгі бола білу. Нәтижесінде баланың бойында құрметпен байланыс орнату іспеттес құндылықтардың дамуына түрткі болу.

4. Субъективті компонент. Субъективті компонентті жүзеге асыратындар бұл мұғалімдер. Мектеп мұғалімдерінің құндылықтары оқушылардың және олардың құндылықтарымен сәйкес болатындай таңдап алынғаны оң оқу және тәрбиелік нәтиже береді. Сонымен қатар мұғалімдердің, педагогтардың, оқушылар мен ата-аналарының құндылықтары бір-біріне ұқсас болғаны абзал (кесте-2).


Кесте-2. Оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру процесін ұйымдастырудың жүйелі ұстанымның басты комопненттері

р/н	Компонент атауы	Компонентке сипаттама	Компонентті ұйымдастыру тетіктері
1	Кеңістіктік компонент	Бастауыш сынып оқушысының білім алатын кеңістігі-оқушының құндылық әлемін қалыптастырушы құрал ретінде.	-Кабинет. -Сыныптағы стендтер. -суреттер мен плакаттар, көрнекіліктер. -кітаптар. -интерактивті тақталар.
2	Мазмұндық компонент	Бастауыш сынып оқушыларына білім беру процесінде әрбір сабақтың баланың құндылық әлемінің қалыптасуына және нығаюына түрткі болу мүмкіндіктерін қолдана білу.	Бастауыш сыныптағы өтілетін барлық дерлік пәндер мен курстар, авторлық бағдарламалар, арнаулы курстар.
3	Коммуникативті компонент	Бала өзінің қоршаған ортасындағы адамдардың өзара қарым-қатынасқа түсу деңгейін басшылыққа ала отырып, өз құндылық элементтерін біртіндеп қалыптастырады.	Коммуникацияға түсуші бастауыш сынып оқушысының ортасы.
4	Субъективті компонент	Мұғалім-субъект ретінде баланың құндылық дүниесінің қалыптасуына «үлгі» болып әсер етеді. Отбасы да баланы қалыптастыратын және ықпал ететін тұлғалардан құралғандықтан, баланың дүниетанымына, оның ішінде құндылық элементтеріне тікелей әсер етеді.	Оқушыға «үлгі» ретінде тұлғалық-субъект ретінде ықпал ететіндер.

Әрбір сабақта оқушылардың құндылық дүниесі қалыптасатындай материалдардың болуын қамтамасыз ету. мәселен, математика сабағында баланың үнемді болу құндылығы, ана тілі сабағында баланың өз тілі мен мәдениетін құрметтей алу құндылығы, еңбек сабағында баланың еңбекқорлыққа қатысты құндылығы, жаратылыстану сабағында баланың қоршаған ортаны қорғау құндылықтарының қалыптасу мүмкіндігі мол.

2. Бастауыш сынып оқушылардың құндылық бағдарын ұйымдастырудың үдерістік тәсілі немесе ұстанымы. Оқушылардың құндылық бағдарын ұйымдастырудың үдерістік тәсілі бойынша бүкіл құндылықты қалыптастыру сәті өзара сәйкестене біріккен өзара байланысты бір цикл ретінде қарастырылады. Ол циклдер мынадай үдерістік ұйымдастыру әдістерінен құралған:

- жоспарлау.
- әрекет ету.
- қайта тексеру.
- ықпал ету (сурет-3).



Сурет-3. Бастауыш сынып оқушылардың құндылық бағдарын ұйымдастырудың үдерістік тәсілінің циклдері


Жоғарыда аталған циклдерге жеке-жеке тоқталсақ.

1. Жоспарлау. Бастауыш сынып оқушыларының оқу жылына арналған құндылықтарын қалыптастыру күнтізбелік жоспары, мектептің жылдық тәрбие жоспары мен мектептің көп жылдық стратегиялық жоспарын басшылыққа ала отырып, балаларға жыл бойы құндылық бағдарын дамытушы шараларды ұйымдастыру іс-әрекеттерін алдын ала анықтай отырып, жоспар құру.

2. Жүзеге асыру. Бастауыш сынып оқушыларына сабақ барысында және сабақтан тыс уақтарда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып құндылықтардың интеграциялануын қамтамасыз ету. Бұл үдерісті мұғалім мен педагог ұйымдастырады және басқарады.

3. Мониторинг. Ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылғаннан кейін бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдары қаншалықты деңгейде дамығандығын тексеретін мониторинг жұмыстарын жүргізу. Қазіргі таңда барлық дерлік мониторингтер білім беру платформаларының көмегімен жүргізіліп, мәліметтер Күнделік.кз көмегімен жинақталуда және талдану шаралары жүргізілуде.

4. Түзету. Мониторинг жұмыстары жүргізілгеннен кейін оқушылардың құндылық деңгейі айқындалып болғанда нәтижелер көңіл толтыратындай болмаса педагог немесе мұғалім жүзеге асыру циклін қайта ұйымдастырып, қайта түзету шараларын жүргізуге құқылы. Дегенмен, бұл циклде оқушыларға ата-аналар да, мектептің басқа да педагогтары мен мұғалімдері де ат салысуына мүмкіндіктер беріледі (сурет-4).



Сурет-4. Оқушылардың құндылық бағдарын ұйымдастырудың үдерістік тәсілінің циклдері

Мектептің педагогикалық кадрлық әлеуетін анықтау мақсатында эксперимент базасы ретінде таңдап алынған мектептің бастауыш сынып мұғалімдері мен педагогтарымен жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде мынадай кемшіліктер анықталды:

1. Педагогтар оқушылардың құндылық бағдарын дамыту бойынша ұйымдастыру шараларын жүргізуде білімі де, біліктілік деңгейі де төмен екендігі белгілі болды.

2. Педагогтар басқару және ұйымдастыру, жоспарлау шараларына көп көңіл бөлумен әуре болып, бастауыш сынып оқушыларымен етене қарым-қатынас құру әрекеттерінен алшақтаған. Бұл баланың педагогты үлгі ретінде қабылдап, байланыс жасау арқылы педагогтардың құндылықтарын өзіне сіңіру іспеттес процестердің артта қалуына алып келуде.

3. Педагогтардың оқушылардың құндылық бағдарын дамыту бойынша ұйымдастыру шараларын белсенді жүргізу үшін педагогтарды жігерлендіру шараларын жүзеге асыру қажет етіледі.

Эксперимент ұйымдастырылған мектептегі бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарын дамытуды басқару тетіктеріне талдау жасау жұмыстары жүргізілді.

Талдау жасау мақсатында мектептің құжатнамалық негіздері мен жарғысы талданумен бірге келесі әдістемелер кеңінен қолданылды:

Бірінші бағыттағы талдау: педагогтар мен мектеп әкімшілігінен сауалнама алу.

Екінші бағыттағы талдау: мектептегі бастауыш білім беру сатысындағы кеңістікті безендіру стильдері.

Үшінші бағыттағы талдау: мектептің құжатнамалық негіздерін талқылау. Мектептің бас жарғысы, мектептің көп жылдық стратегиялық жоспары, мектептің бір жылдық тәрбие және оқу жоспары, ҚР «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспары.

Эксперимент ұйымдастырылған мектептегі басқару тетігі иерархиялық-бюрократиялық стильге жататындығы анық болды. Бұл дегеніміз мектепте құжаттар мен есептердің өз уақытында берілуі, оқу және тәрбие жұмыстарының орындалуы бағаланады. Осындай басқару стильінің бір олқы тұсы-мектеп әкімшілігінің балалардың құндылық бағдарын дамыту мәселелеріне осал қарауы. Осындай қаталдатылған басқару жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының өзінің ішкі құндылықтарын тану, сол құндылықтарына бағдарлана отырып

шешімдер қабылдауға мүмкіндігі қалмайды. Өйткені, мектепті иерархиялық стильде

басқарылса балалардың үстінен, жалпы мектепте сыртқы бақылау жоғары деңгейде жүргізіледі деген сөз. Осы іспеттес басқару ортасында балалардың құндылығының дамуына ыңғайлы жағдай жасалмайды.

Эксперимент ұйымдастырылған мектептің жарғысында, бас құжаттарында мұғалімдер, педагогтар мен оқушылардың арасында өз бетінше әрекет ете алу, шығармашылық сипаттары, шынайылық қасиеттері бағаланады деп кеңінен жарияланғанымен, шын жүзінде мектептегі оқу және тәрбие процестерін ұйымдастыру мен басқаруда сабақтардағы тыныштық, қаталдатылған тәртіп, оқушылардың жоғары баллдары, балалардың тәртібінің сақталуы жоғары бағаланады.

Құндылық бағдары дегеніміз әрбір тұлғаның құндылық жүйесіне негізделі отырып қалыптасқан ішкі құрылымдық бөлігі болып табылады. Адамзат дәл осы құндылық бағдарларына сүйене отырып өз өмірінің түрлі сәттерінде маңызды шешімдер қабылдайды.

Зерттеу жұмысы барысында тәжірибе жүргізілген мектептегі мәдени ұйымдастырылу типологиясын талдау барысында мынадай оң өзгерістер анықталды: ҚР стратегиялық жоспарлары мен бағдарламаларының басты талаптары оқушылардың құндылық бағдарын дамытуға шақырса, эксперимент ұйымдастырылған мектептегі мәдени ұйымдастыру типологиясы отбасылық және шығармашылық стильдерге ауыстырылуы, оқушылардың құндылық бағдарының дамуына оң басқарушылық жағдай жасалғандығының көрінісі.

Сонымен, қорыта айтар болсақ, бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарын ұйымдастырудың жүйелі тәсілі бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдары өз деңгейінде қалыптасатындай оңтайлы орта құруда жағдай жасаса, үдерістік тәсіл оқушының құндылығын нығайтатындай технологиялық әрекеттердің пайда болуына мүмкіндік береді.

## **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Кукенов Ж.Ж., Бахтиярова Г.Р., Ольховая Т.А. «Жаратылыстанудағы құндылықтар әлемі» элективті курсы оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарларын қалыптастыру. – 2023.
2. Құдышева К., Кикина М.И., Найманбаева К.Қ. Бастауыш мектепте құндылық бағдар қалыптастырудың теориялық негіздері.
3. Тілеуова С.С., Нұрғалиева Д.А., Исмаилова К.А. Құндылық бағдар қалыптастырудың педагогикалық негіздері.
4. Мұхамбетова С.Қ., Қирабаева Ш.А., Қаплиева А.Қ. Ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу мәселелері.
5. Игенбаева Б.Қ. Оқушылардың тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру.
6. Қазақстан Республикасының *Білім туралы заңы*
7. Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
8. ҚР Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС).